



Пәннің атауы: Экономика негіздері

Оқытушы: “Экономика және менеджмент”
кафедрасының лекторы
Айтходжаева Гүлрайхан Икрамовна

Экономика негіздері пәні мен әдістері

- 
-
- **1. Экономикалық ғылым дамуының негізгі кезеңдері**
 - **2. Экономика негіздері пәні және зерттеу әдістері**
 - **3. Экономика пәні қызметтері**
 - **4. Экономика заңдары және оның категориялары**



Экономикалық теорияның пайда болуы мен дамуы


- Экономика негіздері- адамдардың шексіз қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатымен өмірлік игіліктерді өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну үшін сирек кездесетін, шектелген ресурстарды тиімді орналастыруы туралы ғылым. Экономика негіздері зерттейтін құбылыстардың мәні экономикалық категория мен экономикалық заңдарда көрсетіледі.



Экономика туралы алғашқы түсініктер Ксенофонт, Платон, Аристотель және басқа да ойшылдардың еңбектерінде берілген.

“Экономия” ұғымын алғаш ұсынған Ксенофонт, мұның мағынасы үй шаруашылығы (ойкос – үй, шаруашылық; номос – заң) деген ұғымды білдіреді. Бұл термин Аристотельдің де еңбегінде кездеседі, ол шаруашылықты екі түрге бөледі: экономия және хрематистика (баю, пайда таба білу шеберлігі). Оның түсіндіруінше экономикадан хрематистика пайда болады.

Көп ғасырлар бойы “экономия (ойкономия)” сөзі үй шаруашылығын ұйымдастырып, жүргізу ережелерін қамтыған.



Феодалдық бытыраңқылықты жеңу, орталықтандырылған мемлекеттердің бірлесуі үй шаруашылығын жүргізу ережелерін жалпы ұлттық мемлекеттік шаруашылықты жүргізу ережелерімен ауыстыруды қажет етті.

- Осыған байланысты “экономия” ұғымы жаңа мәнге ие болып, “саяси экономияға” айналды, ол грек тілінде полис – мемлекет; ойкос – үй шаруашылығы; номос – заң дегенді білдіреді.
- “Саяси экономия” ұғымын ғылымға алғаш енгізген А. Монкретьен болатын. 1615 жылы оның “Саяси экономия трактаты” деген еңбегі жарық көрді, мұнда мемлекеттік шаруашылықты жүргізу кеңестері мазмұндалған.
- Саяси экономия ғылым ретінде ХҮІ-ХҮІІ ғасырлар аралығында пайда болды. Бұл кезеңде шаруашылықтың жаңа құрылымы – өзіне тән буржуазия табы бар капитализм қалыптаса бастаған еді.
- Экономика негіздеріпәнінің даму кезеңдері келесідей:

Экономикалық теорияның даму кезеңдері

- **Меркантилизм** (Т.Мен, А.Монкретьен) - байлық сыртқы сауда нәтижесінде жинақталады. Зерттеу мақсаты – айналым сферасы
- **Физиократизм** (Ф.Кенэ, Анн Тюрго) – зерттеу сферасы өндіріс. Өндіріс ретінде ауыл шаруашылығын түсіну.
- **Классикалық саяси экономия** (У.Петти, А.Смит, Д.Рикардо) – Өндіріс сферасын зерттеу. Еңбек барлық тауарлардың негізі және құндылық өлшемі. Экономиканы реттейтін заңдар – объективті. Қоғамның барлық топтарының табыс көздерін анықтау.
- **Марксизм** (К.Маркс, Ф.Энгельс) – Қосымша құн теориясы. Барлық экономикалық құбылыстарға класстық көзқарас.
- **Маржинализм** (К.Менгер, У.С.Джевонс) – экономикалық категорияларды зерттеу үшін шектелген дәрежелерді қолдану. Микроэкономикалық әдіс.
- **Неоклассизм** (А.Маршалл, А.Пигу) – зерттеу қоғамдық нысанға тәуелді емес – субъективті уәждер (мотивтер) мен тәртібі (экономикалық адам)
- **Кейнсианство** (Дж.Кейнс) – реттелетін экономика теориясы – мемлекеттің экономикаға араласуы. Макроэкономикалық көзқарас.
- **Институционализм** (Т.Веблен, У.Митчел, Д.Гэлбрейт) – экономикалық дамудың сипаттамасы, нарық бөлігі болатын экономикалық институттардың жүйесі болып табылады.

Экономикалық теория

- **Микроэкономика** – экономиканың жеке субъектілердің деңгейінде шектелген ресурстарды тиімді қолдану мәселесін оқып-үйрену (фирмалар, салалар және т.с.с.). Негізгі категориялар - өндіріс факторлары, шығындар, баға, сұраныс, ұсыныс.
- **Макроэкономика** – Экономиканы біртұтас жүйе ретінде оқыту. Негізгі категориялар – ұлттық табыс, жалпы сұраныс, инфляция, жұмыссыздық.




Сурет 2. Экономикалық теория бөлімдері



Экономика

- **Позитивті** — фактілер негізінде экономикалық тәртіп туралы ғылыми түсініктер.
- **Нормативті-** экономика қалай болуы керек туралы адамдардың бағалық ойлары. Экономика негізіндегі ұсыныстар



Басқа ғылымдар сияқты, Экономика негіздері зерттеу процесінде түрлі әдістер мен құралдарды қолданады.

- *Әдіс* – таным тәсілі. Әдістер жалпы және ерекше болады. Жалпы әдістерге – абстракция әдісі, талдау, синтез, индукция, дедукция, жорамал, эксперимент, жүйелі талдау жатса; ерекше әдістерге – экономикалық-математикалық үлгілеу, экстраполяция, баланстық, функционалдық, т.с.с. әдістер жатады.
- Экономистің негізгі құралы теория мен байқау болып табылады.

ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ЖІКТЕЛУІ

Экономикалық теория

Жалпы экономикалық ғылымдар

Экономикалық білімнің тарихы, экономикалық тарих және т.б.

Қолданбалы экономикалық ғылымдар

Функционалдық : қаржы, несие, маркетинг, бухгалтерлік есеп, т.б.

Салалық: ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, сауда, т.б.

Біріктірілген ғылымдар

Экономикалық география, математикалық экономика, экономикалық құқық, т.б.

Ғылыми абстракция әдісі

- бұл зерттеліп отырған құбылыстардың ең маңызды жақтарына және қасиеттеріне көңіл бөлу. Экономикалық теорияның бұл әдісі заңдылықтарды құруда экономикалық құбылыстарды жеңілдетіп көрсетеді.



ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМЫН ТАНУ ӘДІСТЕРІ

ЭКСТРАПОЛЯЦИЯ

Болашаққа лайықталған тенденциялар негізіндегі экономикалық даму болжамы

ИНДУКЦИЯ

Көптеген деректерді зерттеу нәтижесінде жалпы қорытынды жасау

ДЕДУКЦИЯ

Жалпы ережелер негізінде жеке қорытынды шығару

ГИПОТЕЗА
(БОЛЖАМ)


Алдын ала тексерілмеген қағида



Экономикалық теорияның қызметтері


1. **Танымдылық** – экономикалық құбылыстардың заңдарды оқып-үйрену және түсіндіру
2. **Тәжірибелік (прагматикалық)** – оқып-үйренген объектілерін теориясын тәжірибеде қолдану. Мемлекеттің экономикалық саясаты үшін негіздерді құру.
3. **Болжамдық** – экономиканың және толығыменен қоғамның дамуына ғылыми болжамдар құру.
4. **Әлемтанымдық** – қоғам өміріне көзқарастардың белгілі бір жүйесін қалыптастыру.
5. **Әдіснамалық** – экономикалық ғылымдар үшін теориялық және әдістемелік база қызметін қолдану.





Экономика негіздері зерттейтін құбылыстардың мәні экономикалық категория мен экономикалық заңдарда көрсетіледі.

- *Экономикалық категория* дегеніміз – экономикалық құбылыстардың маңызды жақтарын көрсететін жалпылама ұғымдар.
- *Экономикалық заңдар* – бұл экономикалық құбылыстар арасындағы тұрақты, қайталанатын байланыс.
Қолдану мерзімі бойынша барлық заңдар *жалпы* және *арнайы* болып бөлінеді.
- Экономика негіздері әрқашан экономикалық саясатты қалыптастыру үшін пайдаланылады.
- *Экономикалық саясат* – мемлекеттің экономикалық мәселелерді шешудегі және оның механизмдерін әрекетке келтірудегі қызметі.



Экономикалық саясаттың негізгі міндеттері

Экономикалық бостандық – шаруашылық тәжірибеде экономикалық субъектілердің тәртібі нұсқаларын таңдай мүмкіндігін беру

Экономикалық өсу – барлық халықтың өмір сүру сапасы мен игі жағдайын жоғарылату

Жұмыс бастылық пен жұмыссыздық – жұмыссыздықты табиғи деңгейде ұстау

Баға тұрақтылығы – инфляцияны төмендету және қаржы аясында тұрақтылықты қамтамасыз ету

Қоршаған ортаны қорғау- экономикалық дамуда экологиялық қауіпсіздік талаптары мен нормаларын сақтау

Әлеуметтік-экономикалық кепілдіктер - әлеуметтік қорғалмаған азаматтардың нормалды тіршілік ету жағдайларын жасау

Шынайы салық салу - төмен табысты адамдар тобы үшін салықтық жеңілдіктер енгізу